

Ауыл медицинасы
қаладан қалыспайды



3-бет

«Азияның
Нью-Йоркі»



4-бет

Қоржынға қола
түсе бастады



8-бет

Қымбатты жерлестер!
Құрметті
облыс тұрғындары!

Сіздерді Астана күнімен – әрбір қазақстандықтың жүрегін біріктіретін айрықша мерекемен шын жүректен құттықтаймыз!

Астана – ұлтымыздың мақтанышы, Тәуелсіздіктің тұмары, рухымыздың күші мен кемел келешекке ұмтылыстың символы. Ұлы Даланың дәл жүрегінде, Сарыарқаның төрінде орналасқан бас қаламыздың іргесінің қалануы – тарихи әрі стратегиялық тұрғыдан маңызды оқиға болды.

Қысқа уақыт ішінде Астана еліміздің саяси, экономикалық және мәдени орталығына айналып қана қоймай, бүкіл әлем мойындаған бейбітшілік пен өзара келісімнің жаһандық диалог алаңы ретінде танылды.

Бүгінде Астана – жасампаздықтың жарқын үлгісі, татулық пен шабыттың символы, бүкіл өңірлерге бағыт-бағдар беретін өнеге қаласы. Бұл – арман қанат жайған, жоспар жүзеге асқан, болашақ нық қаланған қасиетті мекен.

Тәуелсіз еліміздің астанасы биіктей берсін, халықаралық аренадағы орнын одан әрі нығайта түссін!

Әр шаңырақта – береке мен ынтымақ, жүректерде – туған елге деген мақтаныш, ал, халқымыздың бірлігі – жарқын жетістіктерге берік негіз болғай!

Астана күні құтты болсын, ардақты ағайын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі

Нұркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық
мәслихатының төрағасы

• БРИФИНГ

Ел ертеңіне сенімді

Қарағанды өңірі соңғы жылдары тың қарқынмен түлеп, нағыз даму дәуірін бастан өткеруде. Бұл – жалғыз өндірістің емес, сан саланың ілгерілеуі, тек техника мен тетік емес, адам әлеуетінің де алға өрлеуі. Биылғы жылдың алғашқы алты айдың өзінде өңір өмірі өзгеріп, жанғыру мен жанару үрдісінің жаңа сатысына қадам басты. Өнеркәсіптегі елеулі өсім, ауыл шаруашылығындағы нақты нәтижелер, инфрақұрылым мен әлеуметтік нысандарда байқалған серпінді өзгерістер, кәсіпкерліктің жаңа тынысы – мұның бәрі тек аймақ емес, тұтас ел үшін маңызды көрсеткіштерге айналып отыр. Биыл жалпы өңірлік өнім көлемі 9 триллион теңгеден асты. Жаңа зауыттар іске қосылып, индустриялық аймақтар дами түсті. Ауызу тартылып, мектептер жөнделіп, ауылдар жанғырды. Кәсіп ашып, іс бастағандар көбейіп, туризм дамып келеді. Қайта түлеген көл жағалауы, жаңарған емханалар мен жаңа мектептер – мұның бәрі халық үшін жасалған игілік. Қарағандыда даму – тек сандар мен көрсеткіштер арқылы емес, адамның өмір сүру сапасы арқылы өлшенеді.

**Жансая ОМАРБЕК,**
«Ortalyq Qazaqstan»

«Saryarqa» телеарнасының тікелей эфирінде ел алдында есеп берген аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев алдағы жоспарлармен де бөлісті. Облыс әкімі алдымен өңірдің басты жетістіктеріне



тоқталды.

– 2024 жылы жалпы өңірлік өнім көлемі 9 трлн теңгеден асты, оның 45%-ы – өнеркәсіп саласына тиесілі. Биыл бұл көрсеткішті 7%-дан асыру жоспарлануда. Жылдың алғашқы бес айында өнеркәсіп өндірісі 2 трлн теңгеге жетті. Өсім – 8,9%. Өңірдің өнеркәсіп өнімдерінің 78%-ы өңдеу секторына тиесілі екенін ерекше атап өткім келеді. Бұл бағытта металлургия, машина жасау, химия және құрылыс индустриясы көш бастап тұр.

Негізгі капиталға құйылған инвестициялар көлемі 327 млрд теңге. Оны жыл соңына дейін 1,5 трлн теңгеге жеткізу

жоспарланып отыр, – деді облыс Ермағанбет Бөлекпаев.

Жалпы, облыста 2031 жылға дейін 108 инвестициялық жоба жүзеге асырылады деген жоспар бар. Олардың жалпы құны – 4,3 трлн теңге. Бұл 11 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Биылдың өзінде 200 млрд теңгеден асатын қаражатқа 36 жоба іске қосылады. Соның арқасында 2 мыңнан астам жұмыс орны ашылады.

Аймақ басшысы жүзеге асырылып жатқан ірі жобаларды атап өтті. Бұл қатарда металл бұйымдарын ыстық мырышпен қаптау зауыты, болаттан тік тігісті құбыр шығаратын «ТЭМПО Қазақстан» зауыты, Осака-

ров ауданындағы «Гиперборея» жел электр станциясы, «Силумин оф Казахстан» компаниясының алюминий радиаторлар зауыты бар. Сонымен бірге, биылғы жылдың аса ірі жобасы – Qaragandy Power Silicon ферросилиций өндіретін кешен.

– Саран қаласындағы индустриялық аймақ табысты жұмыс істеуде, – дейді Ермағанбет Бөлекпаев. – Осы жобаның арқасында Саран моноқала мәртебесінен шықты. Жаңа жұмыс орындары ашылып, экономикасы әртараптандырылды. Үкімет басшысының тапсырмасымен бұл оң тәжірибе басқа қалаларға таратылады.

➤ 2-бет

• 6 ШІЛДЕ – АСТАНА КҮНІ

Тарихтың жаңа парағы

Бозоқтан басталған байтақ шежіре – бүгінгі Астананың жүрегінде бүлкілдеп соғып тұр. Тарих көшінде Целиноград атанып, Ақмола болып жаңғырып, Астанаға айналған бұл қала – созылып жатқан қазақ даласының сан ғасырлық тағдыры мен тәуелсіздік дәуірінің табысты тоғысқан тұсы. Шағын қоныстан еңселі елордаға дейінгі жол – елдің асқақ арманы мен ұрпақтың үкілі үмітінен өрілген жол. Елорда – шежірелі тарихтың сабақтастығы мен жаңғырудың, болашақтың бастауы. Арманнан туған қаланың жаңғыру жолы – ХХІ ғасырдағы ең ірі әрі теңдессіз бетбұрыстың бірі. Еуразия жүрегінде орналасқан бейбітшілік пен тұрақтылықтың символына айналған Астана – байтақ өлкеміздің әкімшілік, саяси, экономикалық, мәдени және рухани орталығы.

**Жәлел ШАЛҚАР,**
«Ortalyq Qazaqstan»

География мен даму көкжиегі

Астана – бір кездері жусан ісі аңқыған дала төсінде шағын қала болса, бүгінде алып мегаполиске айналып, жаңа ғасырдың сәулеті мен рухани жаңғырудың бейнесін үйлестіріп отырған елорда. Қазір қала географиялық тұрғыдан ғана емес, саяси, экономикалық, мәдени және халықаралық тұрғыдан да маңызды орталыққа айналды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бас қала



жөнінде: «Астана – еліміздің бірлігі мен тәуелсіздігінің нышаны. Бұл – бүкіл халқымыздың ортақ жетістігі, алдағы күнге деген сенімінің белгісі» деген еді.

Республикамыздың бас шаһары Аста-

на қаласы – елдің солтүстігінде, созылып жатқан Сарыарқа даласының дәл төсінде орналасқан. Географиялық тұрғыдан тиімді орналасуы – елорданы Еуразия құрлығының ірі транзит логистика және ком-

муникация торабына айналдырып отыр.

Ел астанасы 1997 жылы Алматыдан Ақмолаға ауыстырылған кезде, бұл қала шағын ғана өңірлік орталық болған еді.

➤ 4-бет

• НАРЫҚ

Үлескер қорғалады

Бастапқы тұрғын үй нарығында сатып алу-сату мәмілелерін жүргізу тек қолма-қол ақшасыз есеп айырысу нысанында жүзеге асырылады. Бұл инновациялық бастама Ұлттық банк тарапынан әзірленген. Қазіргі уақытта құжаттың тиісті жобасы көпшілік талқылауына ұсынылған.

Құжат қабылданғаннан кейін үлестік қатысу шарттары бойынша барлық төлемдер тек қолма-қол ақшасыз тәртіпте жүзеге асырылатын болады. Бұл ретте, банк шотына қолма-қол ақша енгізу тек уәкілетті құрылыс компаниясының атына және тек банктер арқылы жүзеге асырылуына жол беріледі. Төлем жасау барысында үлескер арнайы төлем коды мен үлестік қатысу шартының нөмірін көрсетуге міндетті. Банк өз кезегінде төлемді қабылдас бұрын, шарттың бірыңғай ақпараттық жүйеде тіркелген-тіркелмегенін тексереді. Егер шарт тіркелмеген болса, бұл уәкілетті құрылыс салушының қаражат тартуға құқығы жоқ екенін білдіреді және осыған сәйкес банк төлемді қабылдаудан бас тартады.

Осы тың тәсіл үлескерлердің қаражатын жосықсыз құрылыс компанияларына бағытталу қаупінен қорғауға бағытталған және тұрғын үй құрылысы саласындағы ашықтық пен заңдылықты арттыруға септігін тигізеді.

Өз тілшімізден

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 612.34

• USD/KZT 518.97

• RUB/KZT 6.58

• CNY/KZT 72.54

Қазақстан Ұлттық Банкінің
4 шілде, 2025 жылғы дерегі бойынша

Ел ертеңіне сенімді

(Соңы. Басы 1-бетте).

Биыл Қарағанды, Саран және Теміртау қалаларында үш шағын өнеркәсіп аймағы іске қосылады. Солардың бірі – «Qarmet Service» базасында орналасады және 20 мың шаршы метрді алады.

Шағын қалалар экономикасын әртараптандырудың тағы бір бағыты – туризмді дамыту.

Балқаш өңірінде туристік инфрақұрылымды кешенді дамыту жобасы жүзеге асырылуда. Бұл шағын бизнесті жандандырып, инвесторлар тартуға мүмкіндік беріп, қаланың экономикасын дамытуға жол ашады. Көл жағалауын жанарту және жыл сайын өтетін «Balkhash Tour Fest» фестивалі туристер санын 10-15%-ға арттыруға себеп.

– Шағын және орта бизнес нысандарының саны артуда. Соңғы екі жылда қалада 7 қонақүй кешені салынды. Жыл соңына дейін тағы 3 қонақүйдің құрылысы аяқталады. Сонымен қатар, апартаменттер мен виллалардан тұратын жаңа заманауи кешен салу жоспарда бар.

Балқаш әуежайын қайта жаңғырту аяқталуда. Бұл қала мен көл маңындағы туризмді дамытуға тиіс серпін береді деп күтілуде, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Брифинг барысында мәлім болғандай, облыста 99 мың шағын және орта бизнес субъектісі жұмыс істейді. Бизнесіте 245 мыңға жуық адам еңбек етіп жүр. Жыл соңына қарай шағын және орта бизнестің үлесі өңірлік жалпы өнімнің 22,8%-ына жетеді деп күтілуде.

Кәсіпкерлерге 15,5 млрд теңге көлемінде қолдау көрсетілді, оның ішінде, 11,6 млрд теңгесі – субсидиялар, кепілдіктер және шағын неселер есебінен берілген көмек.

Сауда көлемі бойынша облыс республикада 4 орында тұр. Сауда саласын цифрландыру жұмыстары жалғасын тауып жатыр. «Теез» маркетплейсі ерекше қарқынмен дамып келеді. Оның 2025 жылға жоспарланған айналымы – 1 млрд теңге. Бұл өткен жылдан 6 есе көп.

Аграрлық секторда да өзгерістер бар. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі биыл 64,8 млрд теңгені құрады. Сонымен бірге, 46 млрд теңгеге 33 инвестициялық жоба іске асырылуда. Аграрлық секторда қолға алынған ірі жобалардың қатарында Нұра ауданында құрылысы аяқталған сүт фермасын мысалға келтіруге болады. Онда мыңнан астам мал басы сыяды. Осакаров ауданында 6 мың басқа арналған



сүт фермасының құрылысы басталғанын айтып өткен жөн. Бұл жобалар облыстағы сүт өнімдеріне деген сұранысты толық қамтиды.

Мал шаруашылығы, картоп өсіру және суармалы егіншілікте зекірлік жобалар дамып келеді. Мындаған гектар суармалы жерлер ауыл шаруашылығы айналымына қайтарылуда. Бұл климаттың өзгеруіне қарамастан тұрақты өнім алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, облыста заманауи картоп қоймалары, көкөніс және астық сақтау орындары, қайта өңдеу кешендері салынып жатыр.

Аймақ басшысы инфрақұрылымды дамытуда да қарқын бар екенін алға тартты.

– Жыл соңына дейін 545 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі, оның ішінде, жеке тұрғын үй құрылысы да бар. Бұл жекеменшік инвестициялар арқылы жүзеге асырылмақ. Құрылыс компаниялары үй салады, біз сатып аламыз. Бұл – ең дұрыс жолы. Үй кезегінде тұрғандарға аудит жұмыстары жыл сайын жасалады, – деп атап өтті спикер.

Жол жөндеу жұмыстарына тоқталсақ, «Балқаш-Бұрылбайтал» және «Қарағанды-Қарқаралы» жол учаскелері аяқталуға жақын. Ал, «Қарағанды-Жезқазған» басты бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. «Достық-Мойынты» теміржол учаскесі өңірдің транзиттік әлеуетін 5 есе арттырмақ. Одан бөлек, Қарағанды әуежайын жүк терминалына айналдыру халықаралық



және жүк рейстерінің санын, соның ішінде, Еуропа-Қытай бағытын да арттыруға мүмкіндік береді. Әуежай арқылы жылына 50 мың тонна жүк айналымы өтеді.

Қарағанды, Теміртау, Балқаш және Ақтоғай ауданында жылу жүйелеріне қатысты алты жоба жүзеге асырылуда. Қазандықтарды жаңарту, жылу желілерін ауыстыру – алдағы жылыту маусымында жылумен қамтамасыз етудің сенімділігін арттырады. Энергетикалық блоктар мен турбиналарда күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Саран қаласында тұрғын үй қоры қалпына келтірілуде. Соңғы жылдары 22 көпқабатты үй жөнделді, оның бесуеі – бюджет есебінен, қалғандары – жеке инвестициялар қаражатынан.

– Президенттің тапсырмасы бойынша барлық тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету

жұмыстары жүргізілуде. Аймақ көлемінде 36 су нысаны салынып, жаңғыртылып жатыр. Бұл 200 мыңнан астам ауыл тұрғынының таза суға қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Қосымша Арнайы мемлекеттік қор қаражаты есебінен 11 су құбыры жобасы іске асырылуда. Осы орайда газдандыру жұмыстарының да жүйелі жүргізіліп жатқанын айтқым келеді. Қарағанды мен Теміртауда 5 266 үй газға қосылды, тағы 4 323 үйде қосылуға техникалық мүмкіндік бар, – деді брифинг барысында облыс әкімі.

Әлеуметтік салаға тоқталған ол 6 мектептің құрылысы аяқталғанын, тағы 8 мектеп салынып жатқанын тілге тиек етті. Оның алтауы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында бой көтеруде. Сонымен қатар, қазіргі уақытта 13 мектеп жөндеуде, 2027 жылға дейін 68 оқу орнына

күрделі жөндеу жүргізіледі.

Президенттің тапсырмасына сәйкес ауылдық жерлерде 92 денсаулық сақтау нысаны салынып жатыр. Олардың 51-і арнайы мемлекеттік қор қаражаты есебінен, яғни, қайтарылған активтер есебінен жүзеге асуда. Қазірдің өзінде 40 нысанның құрылысы аяқталды.

– Жаңа нысандар салынғаннан кейін оларда жұмыс істейтін маман тарту – маңызды міндет. Біз медицина қызметкерлерін қолдауды күшейттік. Дәрігерлерге берілетін көтерме жәрдемақы 8,5 млн теңгеге дейін көбейді. Бұл тәжірибе тек ауылда емес, қалада да қолданылады. Өткен жылы 62 дәрігер тартылса, биыл тағы 70 дәрігер келмек, – деді облыс әкімі.

Сонымен бірге, облыс әкімі

ниславский атындағы Қарағанды драма театрының жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Ал, концерттік зал құрылысы әлі де келісілуде. Осы ретте облыстың бейнелеу мұражайын да жеке ғимаратқа көшіру мәселесі де шешімін таппай тұр. Қазіргі уақытта бір нысандармен келіссөздер жүріп жатыр, алайда, ол туралы айтуға әлі ерте, – деді Ермағанбет Қабулаұлы.

Брифинг барысында аймақ басшысы журналистердің сұрақтарына жауап берді. Мәселен, ол қоғамдық көлік тарифтерінің көтерілуі сөзсіз болатын жайт екенін айтты.

– Тариф бәрібір көтеріледі.

Бірақ, бірден емес, бірте-бірте өседі. Автобустар паркі 200 жаңа автобуспен толықты, бұрын жабылып қалған алты бағытты қайта аштық. «ONAY!» жүйесі тұрғындар үшін ыңғайлы болғанын көріп отырмыз, – деді ол.

Журналистер облыс көлеміндегі жолдардың жөндеуі туралы да сұрады. Әсіресе, Қарқаралы ауданы мен ауылдары арасындағы жол сын көтермейтіндігі туралы, тұрғындардан шағым түсетіні айтылды.

– Қарқаралы ауданының жолдары мәселесін білеміз. Егіндібұлаққа баратын жол да тозығы жеткен. Егіндібұлақтың жолын жөндеуді келесі жылдан жоспарлап отырмыз, қаражат қарастырамыз. Жақында Қарқаралы ауданына барамыз, сол кезде бұл мәселені тағы да көтеріміз. Дегенмен, жол жөндеу кезінде оның бірінші кезекте 10-20 үйлі ауылдарға емес, халқы көп елдімекендерге салынатынын ескерген жөн, – деді Ермағанбет Қабулаұлы.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

мәдениет саласында да жағымды жаңалықтар бар екенін жеткізді.

– Демеушілер қаражат есебінен үш маңызды мәдени нысан цирк, «Шалқыма» концерт залы, К.Ста-



• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Ақтоғай алға басып келеді

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Ақтоғай ауданына жұмыс сапарымен барып, өңірде жүзеге асып жатқан бірқатар әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалармен танысты. Бұл сапар – ауылды өркендетуге бағытталған нақты істердің барысын көзбен көру, халықпен тілдесу, мәселелерді естіп, шешім қабылдау алаңы болды. Аудан бүгінде ауыз су, тұрғын үй, медицина, білім беру және экология айтарлықтай алға жылжып отыр. Атап айтқанда, әлеуеті зор, өркендеуге бет алған өңірлердің бірі. Биыл бұл ауданда бірқатар маңызды жобалар жүзеге асырылуда. Ауданның қазіргі даму қарқыны – жергілікті биліктің жүйелі жұмысы мен тұрғындар сенімінің нәтижесі.

 **Нұрлос КӨРІМ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл Ақтоғайда ауыл тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамту мәселесі нақты шешімін табуда. Инженерлік желілердің құрылысы белсенді жүргізіліп жатыр. Аудан әкімдігінің мәліметінше, жылдың соңына дейін ауыз сумен қамту деңгейі 100 пайызға жетуі тиіс. Бұл бағытта Қуаныш және Ақтұмсық ауылдарында сумен жабдықтау жұмыстары толық аяқталса, тағы сегіз шағын елдімекенде кешенді блокты-модульді станциялар орнатылып жатыр. Сонымен қатар, аудан орталығында орталық су құбырының төртінші кезеңі салынуда.

Аудан орталығы – Ақтоғай ауылында солтүстік-батыс бағытта жаңа шағын аудан бой көтеріп келетінін де айту керек. Құрылыс жұмыстары кешенді жүргізілуде. Мұнда су, жылу, кәріз желілері, қазандық, электр желілері мен қосалқы станциялар салынып жатыр. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев аудандағы жұмыс сапары кезінде осы нысандарды арнайы аралап көріп, құрылыс барысымен танысты.

Өткен жылы ауданда жалпы 107



пәтерлік 13 тұрғын үй пайдалануға берілсе, биыл тағы 60 пәтердің кілті нелеріне тапсырылмақ. Аудан әкімі Абылай Аманжоловтың айтуынша, жаңа шағын ауданда 18 үйдің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілген. Қазіргі таңда Ақтоғайда 12 пәтерлі және 14 екі пәтерлі тұрғын

үй салынып жатыр. Сонымен қатар, Сарышаған кентінде 12 пәтерлі екі үй пайдалануға берілмек, ал, Шашубай кентінде бес қабатты үй қайта жөнделіп жатыр. Бұл үйдің жөндеу жұмыстары аяқталған соң, пәтерлер кезекте тұрған азаматтарға тапсырылады.

ескі ғимараттың орнына жаңа әкімшілік ғимарат салынуда. Шаңтыр жабу және ішкі әрлеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Ақтоғай ауданында денсаулық сақтау саласы да жаңғыру үстінде. Ермағанбет Қабулаұлы Орталық аудандық ауруханаға барып, ме-

кеменің қазіргі жағдайымен танысты. Соңғы жылдары аурухананың жұқпалы аурулар бөлімі күрделі жөндеуден өткізіліп, жалпы ішкі әрлеу жұмыстары жүргізілген. Медициналық жабдықтар кезең-кезеңімен жаңартылып жатыр.

Жас мамандарды тарту мақсатында оларға көтерме жәрдемақы төлеу, баспана беру шаралары қолға алынған. Дегенмен, ауданда әлі де кадр тапшылығы сезіледі: акушер-гинеколог, жалпы тәжірибе дәрігері, инфекционист қажет. Былтыр үш жас маман жұмысқа қабылданып, Солардың бірі – 2024 жылы Қарағанды медицина университетін тәмамдаған Әулихан Махамбет. Бүгінде ол аудандық ауруханада терапевт болып қызмет атқарады. Оның айтуынша, ауылдағы тәжірибе – нағыз шыңдалу мектебі.

– Екінші курстан бастап, санитар болып жұмыс істедім. Ақтоғайды өзім таңдадым. Мұндағы жағдай, ұжым, аурухана басшылығы көңілімнен шықты. Үй берілді, 8,5 млн теңге көлемінде көтермеақы алдым. Бұл – үлкен мүмкіндік, – дейді жас маман.

«Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында шалғай ауыл тұрғындарына алғашқы медициналық-санитарлық көмектің қолжетімділігін арттыру мақсатында тоғыз елдімекенде жаңа фельдшерлік-акушерлік пункттер салынып жатыр.

Облыс әкімі Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжіне де барды. Қазір мұнда күрделі жөндеу жү-

мыстары жүріп жатыр. Колледжде 79 студент білім алуда. Олар «Ауыл шаруашылығын механикаландыру», «Ветеринария», «Автокөлік құралдарын техникалық жөндеу және пайдалану», «Дәнекерлеу ісі», «Компьютерлік технологиялар және ақпараттық желілер», «Электр жабдықтары» мамандықтары бойынша оқиды. Бұл – аудан үшін аса қажет мамандықтар.

2023 жылдан бері ауданда Тоқырауын өзенін санациялау бойынша ауқымды жоба қолға алынған. Қазіргі таңда жұмыстардың 65%-ы орындалды. Тазалау жұмыстары аясында өзен түбі тереңдетіліп, арнасы кеңейтілуде. Сапар барысында облыс әкіміне атқарылған жұмыс көлемі мен алдағы жоспарлар таныстырылды. Жоба су тасқыны қаупінің алдын алуға бағытталған. Бұл – аудан тұрғындары тарапынан бұрыннан көтеріліп келе жатқан өзекті мәселе. Құрылыс қыркүйек айының соңына дейін аяқталды деп жоспарланып отыр.

Ақтоғай – уақыт талабына сай жаңарып, ел игілігі үшін еңбек етіп жатқан өңір. Инфрақұрылым, медицина, білім беру, табиғи қауіпсіздік сынды маңызды салалардағы бұл серпінді жұмыстар ауданның ертеңіне деген сенімді нығайта түседі. Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдау – ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру жолындағы нақты қадам.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Ауыл медицинасы қаладан қалыспайды

«Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы ел көлемінде қарқынды жүріп жатыр. Аукымды жоба ауылдық елдімекендерді медициналық ұйымдарымен қамтамасыз ету, білікті медициналық кадрларды тарту және ауыл халқына мамандандырылған медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру міндеттерін шешуі тиіс. Қарағанды облысында жоба аясында салынуы тиіс 92 нысанның 40-ы бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталып, 25-сі қолданысқа берілді. Құрылысы жүріп жатқан 51 нысан биыл жыл соңына дейін табысталады. Жобаның жүзеге асырылу барысы, оң әсері мен кемшіліктері Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Серік Өтешовтің қатысуымен талқыланды. Жиынға аудандық ауруханалардың басшылары, ауыл медицинаның өкілдері, жоба жетекшілері мен сарапшылар қатысты. Бәріне ортақ – медициналық көмекті сапалы әрі қолжетімді ету мәселесі, жан-жақты, бастысы, еш бүкпесіз айтылды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нысандар биыл беріледі

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Самат Кенжибаев мәлімдегендей, жоба аясында аймақта 11 дәрігерлік амбулатория, 34 фельдшерлік-акушерлік пункт және 47 медициналық пункт салынады. Оның ішінде, 25 нысан бұған дейін медициналық инфрақұрылым болмаған ауылдарда, ал, 67 нысан қазіргі заман талабына сай келмейтін ескі немесе бейімделген ғимараттардың орнына бой көтеруде.

Облыстың ауылдық аймақтарындағы 180 084 тұрғын медициналық көмек алып отыр. Қазіргі уақытта жеті аудандық аурухана, 4 ауылдық аурухана, 59 дәрігерлік амбулатория, 49 фельдшерлік-акушерлік және 136 медициналық пункт жұмыс істеп тұр. Жалпы, медициналық 187 нысан бар. Оған жаңадан салынған 98 нысан қосылады: ұлттық жоба бойынша – 92, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша – 6 фельдшерлік-акушерлік пункт. Бүгінгі күні 40 нысанда құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды, олардың 25-і пайдалануға берілді. 2023 жылы – 7, былтыр 18 нысан аяқталған, – деді басқарма басшысы.

Атап айтқанда, Ақтоғай ауданында бір нысан, Бұқар жырау ауданының 8 ауылының төртеуінде, Қарқаралы ауданында жоспарланған 13 нысанның 11-і, сонымен қатар, Шет ауданының 16 ауылының тоғызында, сонымен бірге, Абай ауданының екі ауылында құрылыс жұмыстары аяқталып тұр. Қазіргі уақытта 51 нысанда құрылыс-монтаж жұмыстары жалғасуда. Жұмыс жоспарға сәйкес биылғы жылдың қазан айына дейін аяқталады. 44 нысан маусымда, қалған жетеуі қыркүйекте берілуі тиіс.

Сонымен қатар, Биыл Теміртау мен Балқаш қаласындағы орталық аурухананың құрылыс-монтаж жұмыстары да аяқталады. Қазірдің өзінде Теміртауда пайдалануға беру актісін тіркеу және жабдықтау қолға алынған. Балқашта демонтаж, жер жұмыстары, іргетас және бірінші қабат плитасын бетондау аяқталған, ғимараттың қаңқасы тұрғызылған, ішкі жұмыстар жалғасуда.

Нәтижесінде Теміртау мен Балқашта кардиология, хирургия, травматология және реабилитация бөлімшелері бар заманауи аудан-

аралық ауруханалар ашылады. Олар МРТ, ангиограф және КТ аппараттарымен жабдықталады. Әрі жаңа мамандармен толығады. Қазіргі уақытта 2-3 курста білім алып жатқан резиденттер есебінен реабилитолог, рентгенолог, кардиолог, терапевт, нейрохирург сынды 40 маман тартылады деп жоспарланған.

Кемшіліктер жойылуы тиіс

Кездесу барысында жобаны жүзеге асыру барысындағы кемшіліктер де айтылды. Серік Балғатайұлы заң шығарушы органның өкілі ретінде өңірлердегі өткір мәселелерді сол елдімекен тұрғындарының аузынан естігісі келетінін жасырмады.

Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Саян Мұратұлының айтуынша, пайдалануға берілген 25 нысанның 16-сында ақаулар анықталған. Қарқаралы ауданындағы 11 нысанның үшеуі, Шет ауданында тоғыз нысанның сегізі, Ақтоғай ауданында бір нысан, Бұқар жырау ауданында сегіз нысанның төртеуі талапқа сай емес.

Негізгі ақаулар – шатырдан су ағу, төбенің ылғалдануы, қабырғалардағы жарықтар, плиткalar мен плитинг желімінің түсуі, электр сымдарының салбырауы, гараж қақпасына басқару пультінің болмауы, су ағызу жүйелерінің орнатылмауы, резервтік дизель генераторының қосылмауы. Бұдан бөлек, басқа да ақаулар бар. Кейбір нысандарда жұмыс кешігіп жатыр. Екі мердігермен келісімшарт бұзылып, қазіргі таңда жаңа мердігер ұйымдармен келісімшарт жасалды, – деді ол.

Жаңа нысандарға лицензия алу да шешімін таппай отыр. Бүгінгі күні пайдалануға берілген бірде-бір нысан лицензия алмаған. Санитариялық-эпидемиялық бақылау органдары тарапынан лицензия беруден бас тартуға нысандардың нормаларға сай болмауы – себеп. Жиналғандар бірқатар кедергілерді атады. Мәселен, босанатын әйелдерге арналған изолятордың болмауы және жеке кіреберісінің жоқтығы, фельдшер бөлмесінде дәріхана пунктін болмауы, сондай-ақ, қатты, сұйық немесе газ тәрізді отынмен жұмыс істейтін жылыту жүйесінің болмауы. Айта кетерлігі, бұл кемшіліктер жобалау кезінде министрлік тарапынан ескерілмеген. Енді құрылыс қарқынды жүріп жатқан

кезде оларды жою бірінші кезектегі мәселеге айналууда.


Серік Өтешов те аталған мәселелерді тезірек шешу қажеттігін баса айтты. Себебі, бұл нысандар мемлекет қаражатына, ортақ бюджеттен жүзеге асып жатыр.

Саян Мұратұлы, жобалардың сапалы аяқталуын талап етііз. Бұл – ұлттық жоба. Оның сұрауы болады. Сапалы орындауға



тырысу керек, бұл мәселеге қайтып оралмайтындай, – деді Серік Балғатайұлы. Әрі бұл жерде медициналық көмекке мұқтаж қаншама адам, науқастың өмірі мен денсаулығы басты орында тұрғанын да атап өтті.

Сенатор ауылдық медицинаның жай-күйін, бүгінгі таңда қолда бар мүмкіндіктер мен орындалуы тиіс міндеттер туралы сұрады жи-




налғандардан. Осакаров ауданының аудандық ауруханасы директоры Ольга Травнева халықтың медициналық көмекке қанағаттануы артып келе жатқанын айтты.

Біз заманауи құрал-жабдықтар бар. Науқастар разы. Бірақ, жедел жәрдем көлігі күрделі. Парк жаңартуды талап етеді. Жолдың бойында болғандықтан, жол-көлік оқиғалары жиі, – деді

Ольга Николаевна.

Бұл турасында Самат Кенжибаев облыстық жедел медициналық көмек станциясы 100-ден астам жедел жәрдем көлігін алуға сұраныс бергенін және барлық аудандар қамтылатынын жеткізді.

Шет ауданы аудандық ауруханасының басшысы Алпыс Жанатұлы ауылдық медицинаның негізгі екі мәселесі – кадр



Реформа – өміршең өзгерістер



тапшылығы мен материалдық-техникалық базаны жаңғырту екенін алға тартты.

Маман тапшылығы азаяды

– 2023-2024 жылдары әр жылы ауданға 9 маманнан келді. Бұл кейінде қолға алынған қолдау шараларының нәтижесі деп білемін. Бейінді мамандар тапшы еді. Бүгінде ауданда екі орталық аурухана, 6 дәрігерлік амбулатория, 11 фельдшерлік-акушерлік пункт, 28 медициналық пункт бар. Бұл аудан халқын толық қамтуға жеткілікті. Айтпағым, келген жас мамандарды баспанамен қамту мәселе туғызып тұр. Төрт қызметтік пәтер берілген, бірақ, ол жеткіліксіз. Келген мамандар үйлердің орталық жылыту жүйесіне қосылғанын сұрайды. Осы мәселені шешуге көмек қажет, – деді Алпыс Жанатұлы.

Расымен, ауылдық жерлердегі медицинаны жаңғырту аясында ауылдарға мамандар бара бастады. Бұл үшін 2024-2026 жылдарға арналған кадрлық стратегия әзірленді. Оған сәйкес 2023 жылы көтерме жәрдемақы мөлшері 1,5 млн теңгеден 8,5 млн теңгеге дейін ұлғайтылды. Былтырдан бері мұндай көмекті ауылға барған мамандар ғана емес, Балқаш, Теміртау сынды қалаларға барған акушер-гинекологтар, педиатрлар, анестезиологтар және басқа мамандар алуда. Жобаның алғашқы жылында 63 маманға 407 млн теңге төленді. Биыл 419 млн теңге қарастырылған. 70 маман келеді деп күтілуде. Оларға баспанамен қамту да назардан тыс қалған жоқ. Былтыр жас мамандарға Қарағанды, Балқаш қалалары мен Доскей ауылында – 169 пәтер берілді. Одан бөлек, Нұра ауданында 13 пәтерлік үй берілуге дайын болса, Теміртауда жыл соңына дейін 35 пәтер табысталады. Қарағандыда 350 пәтерлік тұрғын үй кешенін салу жоспары бар. Ол «Жаңа қала» ауданында бой көтермек. Құрылыс жұмыстары 2026 жылы басталады.

Сонымен қатар, ауылға барған мамандар «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы бойынша да көмекке құқылы. 106 маман аталған бағдарлама бойынша көтерме көмек алды, 40-ы тұрғын үй сатып алуға бюджеттік несие алды. Көтерме төлем көлемі – 100 айлық есептік көрсеткіш (393 200 теңге). Ал, баспанаға бюджеттік несие 2 500 айлық есептік көрсеткішті, яғни, 9 830 000 теңгені құрайды.

Басқосуда айтылған бірқатар мәселелерді сенатор түргіп алды. Облыс атынан ұсыныс әзірлеуді облыстық мәслихаттың Әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Қадияша Оспанова мен Самат Кенжибаевқа тапсырды.

Жұмыс жалғасады. Жобаны барынша сапалы аяқтауымыз керек. Бастысы, ауыл тұрғындары бұл өзгерістерді сезінуі керек, бұл солар үшін жасалып жатқанын білуі керек. Ең шалғай деген ауылдың өзінде халық медициналық көмекке қолы жететіндей болуы тиіс, – деді Серік Өтешов кездесу соңында.

Делегация бұдан кейін Шет ауданына барып, ұлттық жобаның өңірлерде жүзеге асу барысын көріп қайтты.

Суреттер, инфографика
ұйымдастырушылардан

Кәсіби кадрлармен қамту

Медициналық қызметкерлер

16 мың

- Дәрігерлер – 5 168
- Орта медициналық қызметкерлер – 10 542

Ауылдағы медициналық қызметкерлер

1 839

- Дәрігерлер – 391
- Орта медициналық қызметкерлер – 1 408

Медициналық қызметкерлерге тапшылық

- Медициналық қызметкерлерге тапшылық 134 маман,
- оның ішінде, ауылдардағы тапшылық 26 маман.

Маман тарту шаралары

- 8,5 млн теңге аса тапшы мамандарға (отбасылық дәрігерлер, акушер-гинекологтар, педиатрлар, анестезиолог-реаниматолог)
- 5 млн теңге кардиолог, нейрохирург, терапевт және басқа да мамандарға
- 3 млн теңге хирург, невропатолог, офтальмолог мамандарына
- 1,5 млн теңге орта медициналық қызметкерлер үшін (акушерлер, медбикелер, фельдшерлер және басқалары)

Әлеуметтік қолдауды қаржыландыру

- 407 млн теңге 2024 жылы 63 жас маманға бөлінді
- 419 млн теңге 2025 жылы 70 жас маманға бөлінді

Келген резиденттер


2024 жылы Қарағанды облысына
150 резидент келді

2025 жылы 172 резидент келеді деп күтілуде

• ЕЛ ЖҮРЕГІ

Елорданың ендігі тынысы

Астана. Кең-байтақ Қазақстанның алтын ордасы. Елдің әкімшілік әрі саяси орталығы ретінде данғайыр даму жолын жалғастырып қана қоймай, жақын болашақта экологиялық таза, тұрғынына жайлы және технологиялық тұрғыда дамыған мегаполиске айналуға бел байлады. Елорданың серпілу стратегиясы жөнекей ғана инфрақұрылымдық жобалар жиынтығы емес, адам мен табиғат үндестігін қатар қамтамасыз ететін, «ақылды» шешімдер мен инновациялық технологиялар арқылы халқының өмір сүру сапасын арттыруды көздейтін кешенді де парасатты көзқарас жиыны.



Қолжазба жасаған Артылым Қостанов

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жасыл желек пен сандық серпіліс

Алдағы жылдары Астананың өн бойында көгалдандыру жұмыстары қарқын алып, қала жасыл желекке оранып, жаңа тыныс алады деп күтілуде.

Қала тұрғындары мен қонақтары үшін жаяу жүргіншілерге арналған аймақтар мен қоғамдық кеңістіктер көбейіп, Астана адамға жайлы, қауіпсіз және ашық ортаға айналады. Қаланың орталық көшелері мен алаңдары тек көлік қозғалысы емес, адамдардың өзара араласуы мен қоғамдық өмір орталықтары ретінде қызмет етпек. Бұл урбанистік тәсіл қала мәдениетін дамытып, азаматтардың белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Астана заманауи технологияларды күнделікті өмірге енгізу арқылы нағыз «смарт-қалаға» айналуы мақсат тұтады. Цифрландыру үдерісі тек мемлекеттік қызметтерді автоматтандырумен шектелмей, көлік қозғалысын басқару, энергия үнемдеу, қауіпсіздік жүйелерін жетілдіру және экологиялық мониторинг салаларын да қамтиды.

Табиғат пен технологияның тоғысқан тұсы

Елордамызда IT-сектор қарқынды дамып келеді. Арнайы технопарктер мен стартап хабтар арқылы жаңа идеялар қолдау тауып, болашақтың шешімдері бүгінгің өзінде іске асырылуда. Білім беру мен ғылымды дамыту, жас таланттарды қолдау – елордада технологиялық экожүйені қалыптастырудың негізі болмақ. Сонымен қатар, көлік және инженерлік инфрақұрылымды жаңарту арқылы қалада тұрақты әрі үнемді жүйелер іске қосылады.

Бүгінгі Астана – алып құрылыс алаңы ғана емес, елдің болашағын бейнелейтін бірегей символ. Қала экология мен технологияның, жайлылық пен қауіпсіздіктің, дәстүр мен инновацияның үйлесім табатын орнына айналуы. Елорданың даму жоспары – әрбір тұрғынның игілігі үшін жасалып жатқан ауқымды әрі жүйелі бастамалардың айғағы.

Сенсормен сөйлесетін қала

Ал, «Smart City» тұжырымдамасы аясында жасанды интеллект пен нейрондық желілерді пайдалану мүмкіндіктері

зерделеніп, зерттелуде. Бұл технологиялар қалалық қызметтерді тиімді басқаруға, көлік ағындарын оңтайландыруға, коммуналдық желілерді қашықтан бақылауға және тұрғындардың қажеттіліктеріне жедел әрекет етуге мол мүмкіндік береді. IT-секторды дамыту – елорданың экономикалық бағытының басым бағыттарының бірі. Бұл салада жаңа жұмыс орындарын ашу, технологиялық стартаптарды қолдау және жас мамандарды тарту арқылы қала инновациялық хабқа айналуы. Арнайы технопарктер мен IT-инкубаторлар шеңберінде көптеген жобалар жүзеге асырылып, цифрлық экономиканың негізі қалануда. Сондай-ақ, болашақта «ақылды» көлік жүйелері мен автоматтандырылған ғимараттар салу жоспарланып отыр. Мұндай нысандар энергия үнемдеу, ресурсты тиімді пайдалану және экологиялық жүктемені азайтуға бағытталады.

Елорданың дамуында жаңа кезең басталды. Астана қаласы сенімді инфрақұрылым мен заманауи сәулеттік шешімдер арқылы болашақ қаласына айналу жолында нық қадамдар жасап келеді. Бұл өзгерістер тек қала келбетін ғана емес, тұрғындардың өмір сапасын да жақсартуға бағытталған. Қала халқы мен өндірістік нысандарды үздіксіз және сапалы электр энергиясымен қамту үшін жаңа қосалқы станциялардың құрылысы қарқынды жүргізілу үстінде. Бұл тек ағымдағы қажеттіліктерді қамтамасыз етіп қана қоймай, болашақта энергия тұтынуының артуына дайын болуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, газбен жабдықтау саласында да маңызды қадамдар жасалуда. Астана қаласындағы АГРС-1 және АГРС-2 қайта жаңғыртылып, олардың өнімділігі мен сенімділігі артады. Бұл тұрғын үйлер мен кәсіпорындарды табиғи газбен үздіксіз жабдықтауға жағдай жасайды.

Инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту – қалалық өмірдің ажырамас бөлігі. Жаңа жолдар, көпірлер мен көлік тораптары Астананың түрлі аудандарын тиімді байланыстырып, жолаушылар мен жүк тасымалына қолайлы жағдай туғызады. Бұл қала ішіндегі қозғалысты жеңілдетіп, уақыт үнемдеуге сеп болады. Астана сәулетінде болашаққа бағытталған тың идеялар мен экологиялық таза технологиялар үйлесім табууда. Қаланың жаңа келбеті футуристік сипат алып, заманауи архитектуралық шешімдер арқылы ерекше эстетикалық әсер қалдырады. Тұжыра келе, Астана – заманауи технологиялар, экологиялық тұрақтылық пен жайлы өмір сүру ортасын біріктіретін нағыз болашақ қаласы. Елорданың даму стратегиясы тұрғындарға жайлы әрі қауіпсіз өмір сүру жағдайларын жасап қана қоймай, Қазақстанның инновациялық және тұрақты даму жолындағы көшбасшы ретіндегі рөлін нығайта түседі.

Мен IT-салада жұмыс істеймін, сондықтан, технопарктер мен стартаптарға арналған жағдайдың жасалып жатқаны, жас мамандарға жол ашылуы – елорданың шын мәнінде келешекке бағыт алғанын дәлелдейді. Астана бүгінде тек әкімшілік орталық емес, адамдар үшін өмір сүруге жайлы, мүмкіндіктерге толы қалаға айналып келеді. Осы қарқынмен жалғаса берсе, біз балаларға мақтанышпен қалдыратын шаһарды көріп қана қоймай, соны бірге жасайтын боламыз! – дейді қала тұрғыны, IT-маманы Меруерт Нұрахметқызы.

Әлемдік диалог алаңы

Астана елордалық қызметпен ғана шектелмейді. Ол – бейбітшілік пен келісімнің жаһандық алаңы. 2003 жылдан бері Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері осында өтеді.

Сонымен қатар, Сирия бойынша Астана процесі әлемдік қауымдастыққа үлгі боларлық келіссөз алаңына айналды.

• СЫРТ КӨЗ – СЫНШЫ

«Азияның Нью-Йоркі»

Астана – Орта Азиядағы заманауи архитектурасы мен инфрақұрылымы ерекше қала. «Бәйтерек» мұнарасы, «Бейбітшілік пен келісім сарайы» сияқты нысандар шетелдіктерді таңғалдыратыны рас. Заманауи, қауіпсіз және қонақжай қала ретінде көптің көңілінен шығады. Қиындықтарға қарамастан, өзге елден келгендердің көпшілігі мұнда өмір сүруге жайлылықты ұнатады және болашақ жоспарларын Елордамен байланыстырады.



Сурет ашық дереккөзінен

Брэндон ПИРТ,
АҚШ-тың Қазақстандағы өкілінің орынбасары:

«Астана – ультра-заманауи қала және өмір сүруге ыңғайлы орын. Адамдары мейірімді әрі қонақжай. Менің екі кішкентай балам бар. Қазақстандықтардың балаларын тәрбиелеуге қаншалықты мән беретінін және олардың болашағына инвестиция салатыны мені таңғалдырды.

Табиғат – Қазақстанға тартатын тағы бір аспект. Біз Юта штатынанбыз, ол өзінің керемет ландшафттары мен кең ашық кеңістіктерімен танымал. Қазақстанның табиғи көріністерінің фотосуреттерін көргенде, олар маған үйімізді еске салды. Мен Астанада тұратыныма бақыттымын. Бұл – жас отбасы үшін тамаша қала».

Ахмед МАГДИ,
мысырлық инженер:

«2015 жылы Астанаға құрылыс жобасына қатысу үшін уақытша келдім. Бір жылдан кейін қалаға үйреніп, жергілікті тұрғындардың көмегімен бейімделіп кеттім. Құрылыс жобасы аяқталған соң әріптестерім Мысырға оралды, бірақ, мен Астанада қалуды шештім. Тіл үйрену арқылы кәсіби мүмкіндіктерім кеңейді.

Тоғыз жыл өтсе де, өзімді Астанада үйімде жүргендей сезінемін. Қала тұрғындарының қонақжайлығы мен басқа мәдениеттерге деген қызушылығы мені таңғалдырады. Қазақтардың өз мәдениетіне мақтанышпен қарайтыны маған отандастарымды еске салады.

Қазақстанның тағамдары ерекше дәмді және басқа елдердің дәстүрлі тағамдарынан өзгеше. Мерекелер

мен тойлар өте көңілді өтеді, барлық жастағы адамдар белсенді қатысады. Жақында өткен көшпенділер ойындары қонақжайлық пен дәстүрлерге деген құрметтің айқын дәлелі болды».

Билкис БАХАРИ,
малайзиялық журналист:

«Астананы Азияның Нью-Йоркі деп атауға болады. Қала тыныш, бірақ, заманауи. Қаладағы мәдени өмір – опера, балет, мейрамханалар – мені қуантады. Есіл өзенінің бойымен серуендеу – сүйікті ісім. Мен телеарнада ағылшын тілді жаңалықтар продюсері және сұхбат бағдарламаларының жүргізушісімін. Астанадағы өмір Куала-Лумпурдағы өмірден бөлек. Бұл жер менің туған жерімнен әлдеқайда тыныш, мен одан ләззат аламын. Оның үстіне қыс айларына да үйрендім.

Мен әдетте достарыммен дәмді тағамдар үшін мейрамханаларға барамын. Оның үстіне «Астана Опера» мен «Астана балет» театрларына жиі барамын. Астанада екі жыл өмір сүргеннен кейін қазақтар мен малайзиялықтар арасындағы көптеген айырмашылықтарды байқадым. Біз көп жағынан ұқсаспыз, бірақ, біз ерекшеленетін көптеген сәттер бар.

Біздің мәдениеттеріміздің ұқсастығының мысалы – отбасына деген көзқарас. Малайзияда да, Қазақстанда да отбасы өмірде маңызды орын алады, ал, үлкендерді құрметтеу дәстүр мен менталитетке байланысты. Сондай-ақ, малайзиялықтар қазақтар қонақжай, бұл шетелдіктерге жаңа елде өздерін үйдегідей сезінуге көмектеседі».

Дайындаған **Аяулым СОВЕТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

• ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

- 2025 жылғы 1 маусымдағы ресми дерекке сәйкес, Астананың халық саны 1 566 566 адамды құрайды.
- Қала тұрғындарының ішінде әйелдердің үлесі басым – 823 766 әйел, 742 800 ер адам.
- Астанада 2025 жылдың алғашқы тоқсанында 6 025 сәби дүниеге келді.
- Елордада 2025 жылдың I тоқсанында 1 914 неке тіркелген.
- Күтілетін өмір сүру ұзақтығы – 78,52 жыл.

- Елордада 14 жоғары оқу орны білім беруде.
- 10 театр бар.
- Қалада 7 мұражай жұмыс істейді.

- 2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 295 179 шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері тіркелген.
- Қазақстанда Астана есімін иеленген 24 адам тұрады.

Дайындаған
Аида РАХЫМҚҰЛОВА

Тарихтың жаңа парағы

(Соңы. Басы 1-бетте).

Мүмкін еместей көрінген дүние жүзеге асып, аңыз ақиқатқа айналды.

Бүгінгі таңда Астана елдегі халық саны ең қарқынды өсіп жатқан қалаға айналды. 2017 жылдың маусымында Астана миллион тұрғыны бар қала мәртебесіне ие болды.

Қала халқы жылдан-жылға еселеніп, 2024 жылдың шілде айында 1,472 миллионға жетсе, желтоқсан айында бұл көрсеткіш 1,520 миллионнан асты. Бұл – қаланың даму қарқыны мен халықтың әлеуетіне сенімділік көрінісі. Халық санының өсуі – Астананың тек геосаяси ғана емес, әлеуметтік-экономикалық тартымдылығын да аңғартады.

Экономика мен инвестициялық серпін

Бас қаланың экономикасы жылдан-жылға дамып келеді. Қаланың өнер-

кәсіп саласында өңдеуші сектор алдыңғы қатарда. 1998 жылы өнеркәсіптің 46,5%-ын өңдеу өндірісі құраса, бүгінде бұл көрсеткіш 90%-дан асып жығылады.

Ресми дерекке сүйенсек, 1997 жылдан бері Астанаға 15,4 триллион теңгеден астам инвестиция тартылған. Бұл қаржының нәтижесінде, тұрғын үй құрылысы 1997 жылмен салыстырғанда 30 есеге өсіп, 4,4 миллион шаршы метрге дейін жеткен. Бұл – жаңа шағынаудандар мен зәулім ғимараттардың қатары үздіксіз көбейіп жатқанын көрсетеді.

Астана – кәсіпкерліктің орталығы. Бүгінде мұнда 227 мыңнан аса бизнес субъектісі тіркелген. Әрбір үшінші астаналық – шағын және орта бизнеспен айналысады.

Өнеркәсіп өнімінің көлемі 2024 жылы 2,5 триллион теңгеден асып, өңдеу өнеркәсібі жалпы өндірістің 90%-ын құрады.

Әлеует хәм әлеумет

Астана әлеуметтік тұрғыдан да жан-жақты дамып келеді. Қалада 613 балабақ-

ша, 188 жалпы білім беретін мектеп, 32 колледж және 14 жоғары оқу орны бар. Назарбаев Университеті, ЕҰУ, ҚазАТУ, Астана медицина университеті сынды білім ошақтары ғылым мен жаңашылдықтың ордасына айналып отыр. Денсаулық сақтау саласында 31 медициналық ұйым халыққа қызмет көрсетсе, оның ішінде, 9 аурухана мен 16 емхана бар. Дерекке сүйенсек, қаладағы орташа айлық жалақы 505 045 теңгеге жетіп, өмір сүру минимумының мөлшері 53 975 теңгені құраған. Бұл көрсеткіштер елорда тұрғындарының өмір сапасының артқанын білдіреді.

Әлемдік диалог алаңы

Астана елордалық қызметпен ғана шектелмейді. Ол – бейбітшілік пен келісімнің жаһандық алаңы. 2003 жылдан бері Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері осында өтеді.

Сонымен қатар, Сирия бойынша Астана процесі әлемдік қауымдастыққа үлгі боларлық келіссөз алаңына айналды.

Astana International Forum, Astana Economic Forum, Astana Club сынды алаңдарда әлемдік көшбасшылар, экономистер мен саясаткерлер бас қосады.

Одан бөлек, Дүниежүзілік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі, ЕХРО-2017 сынды ауқымды іс-шаралар елорданың әлемдік беделін арттыра түсті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елорда қазір де әлемдегі соғысып жатқан елдерге қамқорлық танытып, бейбіт келіссөз жүргізуде.

Астанадай бас қаласы бар тәуелсіз еліміздің халықаралық аренадағы абыройы асқақ, беделі биік. Тәуелсіздік алған тұста түрік ағайындар алғаш мойындаған болса, бүгінде Қазақстан әлемге мәшһүр. Оған халықаралық ұйымдарға мүше болып, жаһандық саясатқа еркін араласа алатыны дәлел. Атап айтсақ, Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымының, Еуразиялық экономикалық одақтың, Ислам ынтымақтастық ұйымының және Біріккен Ұлттар Ұйымының түрлі бастамалары ая-

сында халықаралық рөл атқарып отыр.

Астанада орналасқан Astana International Financial Centre (AIFC) халықаралық құқықтық жүйе негізінде жұмыс істейтін өңірлік қаржы хабының да нәтижелі жұмыс істеп тұрғанын атап өткен жөн.

Сыртқы саясатта да Астананың өзіндік үлесі зор. Қала халықаралық келіссөздер, саммиттер мен бейбітшілік миссиялар өтетін маңызды диалог алаңына айналды.

Түйін

Астана – ертеңге бет алған елдің айнасы. Ол – заманауи өркениеттің белгілері мен балалар мұратын тоғистырған рухани әрі материалдық символ. Бизнеске, ғылымға, мәдениет пен өнерге де кең өріс алатын, мүмкіндіктер қаласы. Астананың әр күні – жаңа белес, әрбір ғимараты – тарихтың жаңа парағы. Демографияның, индустрияның, білім мен спорттың, дипломатияның кең қанат жайған нүктесі.

• МЕРЕЙ

Текпен келген дарын

«Атамұра» ұлттық колонер орталығына жетекшілік етіп, қолының ебі бар балаларды ағаш пен темірден түрлі бұйым жасауға баулып жүрген белгілі бесаснап шебер Қылышбек Құрмантегі алпыс жасқа толып отыр. Ұлттық өнерді өлтірмей жүрген өнер иесінің шеберханасынан түрлі шедеврлер шығып жатыр. Әсіресе, өзі қайыстан өріп, сабын былғарымен қаптап, оны күміспен күптеген қамшысы қазіргі тілмен айтқанда, «хит» болып жүр.



Қолжылы жасаған Айбек Рахымжан

Қасымхан БҰРҚИТУЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мерейтой иесі тек колонер шебері ғана емес. Көнеден келе жатқан көшелі кәсіп түрі ұсталықты да қоса алып жүр. Тегінде бар дүние текке жатпасы анық. Бұл өнер арғы бабасынан дарып тұр. Заманында Арқа атырабына аты жайылған ұста Құлмағанбет Байбақыұлынан (1827-1893). Құлмағанбет ұстаны 1883 жылы Омбы қаласында өткен көрмеде оны Буланже деген француз фотографы шырт еткізіп, суретке басып алған екен. Соның көшірмесін шеберханасының қабырғасына бойтұмардай іліп қойыпты. Суреттің жанында атасының алтын қолынан шыққан қымыз құятын ожау ілініп тұр.

— Бұл қымыз ожау — қайыңның тамырынан (безінен) ойып жасалған. Қазақтың колонерін Еуропаға алғаш таныстырған темір ұста, зергер, ағаш шебері, өрімші, ерші, ақтақты ұста Құлмағанбет Байбақыұлы бабамыздың өз қолымен жасаған көп жәдігерлерінің бірі. 1995 жылы осы ожаудың көшірмесін жасап, ақша беріп, Омбы музейінің қызметкерлерінен алдым. Ол жерде әлі көп затты тұр. Ертоқымы, жұкаяқ, асадал, ағаш төсек, ыдыс-аяқтары, оюланған он екі қанатты киіз үйі, зергерлік бұйымдарын қайтармады. Бұл көненің көзі — бабамыздан қалған күн жетпес мұрасы, 140 жылдан асқан, біраз жарылған жерлерін жөндеп, осы ожауды бойтұмардай іліп қойдым, — дейді ұста Қылышбек.

Қылышбек ұстаның өзінің туған топырағы Баянауылда бабаларынан мұра болып қалған ұстаханасы бар. Былтыр жөнге келтіріп қойыпты. Көрікке арнап, Түркиядан арнайы қалың былғары алдырыпты. Қазақстанда жоқ көрінеді. Биыл сонда барып, іске қосып, ас бермек ниеті бар.

Сол жігіт

(Қолонер шебері Қылышбек Жұматұлына)

Арайлап атқан ақ таңы,
Алтыннан алқа таққаны.
Тұрпаты бөлек сол жігіт,
Халқының болған мақтаны!

Колонерді сүйген-ді,
Темірден түйін түйген-ді.
Тағдыры тарпаң сол жігіт,
Білмейтін басты игенді!

Сұғы боп көздің жаралған,
Үрдістен ұлттық нәр алған.
Қалыпқа сыймас сол жігіт,
Алысқа аты таралған!

Әділдік үшін қырқысып,
Бірде жығып, бір түсіп.
Жүргендей маған сол жігіт,
Жазмышпен жаға жыртқысып!

Сүңгілей өткір сол жігіт,
Парасаты мол жігіт.
Тұрғандай маған Қазақтың,
Олқысын барлық толтырып!

Имандылық — жүректе,
Түп болмайды тілекте.
Алымдапты алпысты,
Тілекті қостым тілекке!
Бұл — сол жігіт!

Серғазы ҚАБЫЛДАҰЛЫ

Алғашында етікші болып бастаған ол кейіннен ағаш өңдеуді қолға алады. Осыдан 30 жыл бұрын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 135 жылдығына орай Павлодар облысы бойынша шеберлер арасында байқау өтетінін естиді. Сол жолы бас жүлде алып, бір жарым айдан соң қазақ құрылтайына қатысады.

«Құрылтайдан келгенімде сол кезде аймақ басшысы болған Ғалымжан Жақиянов мені зор қуанышпен қарсы алды. Өнерімді одан әрі шында деген мақсатта Баянауылда бос тұрған сегізжылдық мектептің ғимаратынан маған орын берді. Өкінішке қарай, белгісіз жағдайда іштегі құрал-саймандарым, жасаған барлық затым жанып кетті. Сол оқиғадан соң көп уақыт колонерге жақындамадым. Іштегі қалауымды тындап, ауданнан Павлодар қаласына келіп, жиһаз жасаумен айналыстым. Қала орталығынан бір бөлмені жалға алып, қайта ағаш өңдеу ісіне көштім. Содан бері колонерден

қол үзген емесіміз», дейді өткенін еске алып шебер.

«Атамұра» ұлттық колонер орталығы 2022 жылы ашылған. Содан бері колонер шебері Қылышбек орталықта жүріп-ақ, небір шәкірт тәрбиелеуде. Шебер шәкірттері тек Қарағанды қаласынан емес, Абай, Саран шаһарларынан да келіп астабақ, ат әбзелдері, ожау, домбыра, сандық, кебеже жасауды үйреніп жүр. Мұнымен қоса, жүзік, сақина, сырға, шолпы, салпыншақ соғу ісін де біртіндеп меңгеріп келе жатқанын айтады ұста.

— Елордада өткен «Экспо — 2017» көрмесінде күміс медаль алдым. Ол жерде ұлттық өнерді ұлықтадым. Негізінде көрмеге көне жәдігерлерді дайындап, ел назарына қойдым. Сол уақытта ұлттық колонер орталықтарын ашу туралы айтылды. Маған министрлік тарапынан бірнеше ұсыныс түсті. Туған жерім де жібергісі келмеді. Оңтүстіктен де шақырту алдым. Дегенмен, жаныма жақын

Қарағандыны таңдадым. Осында келіп шәкірттер тәрбиелеп жатырмын, — дейді шебер.

Алғашында колонер орталығына алпысқа жуық бала келіп жүрген. Кейіннен іріктеліп 20 бала қалған екен. Алыс-жақыннан ат арытып шәкірт болғысы келгендер де бар көрінеді. Мәселен, 600 шақырымды артқа тастап Ұлытау облысынан Серік, Ергазы деген екі жігіт шеберден тәлім алып кеткен көрінеді. Екеуі де қажетті құрал-жабдықтарын сатып алып, өз ауылдарынан шеберхана ашпақшы екен.

Шеберханасындағы үстел үстінен бірнеше домбыраны кезіктірдік. Әбден ескірген. Қаңқасы ғана қалғаны да бар. Сөйтсек, Қылышбек шебер ескіні жаңалап, кәдеге қайта жаратады екен. Бұл да колонер шеберінің тағы бір қыры десе болатындай.

«Былтыр 23 желтоқсан күні қокыстан тауып алдым. Сол домбыраны «Атамұра» қолданбалы колонер үйірмесінің жетекшісі, казак көне ағаш шебері Қылышбек Құрманов бауырыма жөндету үшін апарып бергенмін. «Домбыраның дайын» деген соң барып едім, домбыраны қолыма табыс етті. Домбыраның күмбірлеген дауысын естіп, алғысымды айтып, батамды беріп үйге келдім», дейді Қарағанды тұрғыны Сәкен Келдібаев.

Шебер тек ескі домбыраны қалпына келтірмейді. Кез келген көнерген бұйымнызыды жаңартып береді. Мәселен, «атамнан қалған мұра» еді деп, ертоқым, басқа да ат әбзелдерін әкеліп, жалт-жұлт еткен дүниесіне таңданыс білдіріп кеткендер қаншама?!

— Бір жылы Қытайға бардым. Бір қаласынан қазақтар салған ұшқабатты киіз үй пішінінде салынған ғимаратқа кірдік. Ішінде ұлттық өнердің жеті атасы бар. Ұстахана, ұлттық киім тігетіндер бөлмесі, колонершілер бұрышы. Біреулер темір қыздырып, төске салып ұрып жатса, бірі қайыс тіліп жатыр, енді бірі ою ойып әлек. Қатты қызықтым. Шіркін-ай, бізде де осылай ұлттық құндылықты дәріптейтін ғимараттар салынса ғой, — деген арманы барын айтты Қылышбек Құрмантегі.

Қылышбек шебердің шәкірті Сартай Аманқұл ұстасының дәрісінен қалып көрген емес. Абайдан қатынайды. Ұстазынан ұсталықты да, шеберлікті де бойына сіңіріп жүр. Сартай жазғы демалыста нағашыларының ауылына барып, өз қолымен көрік дайындап, пышақ жасайды. Жас шебердің пышағын, нокта, қамшысын ауыл жұрты кәдеге жаратып келеді. Осыдан-ақ, Қылышбек ұстаның мынандай ұстанымын анық аңғаруға болады: ол — өзінен озатын шебер шәкірттер тәрбиелеу. Сол арқылы ұлттық өнерді өркендету. Өңгімесін осылай қайырған Қылышбек шебер шаруасына кірісті. Анау бір қоныр домбыраның ағашын қайта сұрлеуде. Қасындағы екі шәкірті ағаш табақтың ортасын жонып жатыр. Біздің де осы бір тартымы көрініске көзіміз тояр емес...

Суреттер кейінкердің жеке мұрағатынан

• ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

Жаңа міндеттер межесі

«Жастар нақты бір мамандықтың қыр-сырын жетік білуге ұмтылғаны жөн. Өз саласының шеберіне әрдайым сұраныс болады. Өскелең ұрпақ Қазақстанда ғана емес, өзге елдерде де бәсекеге қабілетті болуы керек».

Қазақстан Республикасының Президенті
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ



Сурет ашық дереккөзінен

Адамзат баласының тарихында мән-маңызын еш жоғалтпайтын саланың бірі хәм бірегейі — білім беру. 1995-1996 жылдардан бастап, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі үздіксіз білім беру саласында қызмет етіп келе жатқан «Bolashaq» академиясына отыз жыл толып отыр. Сол шақта әлемдегі оқу орындарының тәжірибесіне сүйенген Білім министрлігі Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті ректоратына нарықты экономика талаптарын ескере отырып, жаңа тұрпаттағы (ақылы негіздегі білім) институт құруға ұсыныс жасап, ол Қарағандының маңызды білім беретін «Болашақ» институты болып құрылған еді. Алғашқыда ірі университеттің ауқымды бір бөлімі сияқты болып, оның оқу, оқу-әдістемелік, ғылым, тәрбие саласындағы ұстанымынан тәжірибе жинаған «Болашақ» институты уақыт өте келе, танымал оқу орнына айналды. Қаржы мүмкіндігін ұтымды пайдалану нәтижесінде сол уақыттан бастап, бүгінгі кезге дейін «Болашақтың» атқарған игілікті істері оны танымал етуге алғышарт болды.

Республикалық, тіпті, халықаралық деңгейдегі өнер бәсекелеріне Көңілді тапқырлар клубы сайыстарына, ұлттық болмысты жаңғырту мен насихаттау іс-шараларына, әлемдік спорттық жарыстарға қатысып жүздеген болғандардың біразы осы оқу орнынан шыққанын маркая айтамыз. Бұдан бөлек, түрлі білім байқаулары, конкурстар, олимпиадалар, азаматтық ұстаным, дебаттар және басқа да сайыстарды қоссаңыз, жеткен жетістіктер мен бағындырған асуларды бағамдау қиын емес. Бірінен бұрын дамып, қалыптасқан ортаны, жігерлі жастар мен оларға білім берген тегеурінді, жаңашыл оқытушы-профессорлар арасындағы органикалық байланысты, заңды эволюциялық өсу жолы қалыптасты. Ең бастысы, аға буын мен орта және жас буын арасындағы негізгі білім беру мақсатына орай дәстүр сабақтастығы мен жаңашылдығы мықтап орнаған. Ал, мұны тереңдете қарастырсақ, бүгінгі студент, ертеңгі маманның болмысында адам мен қоғам, сана мен уақыт төрттағанының орын алуына мүмкіндік туғызды дер едік. Осыдан отыз жыл бұрын жекелеген аса қажетті мамандарды даярлау күн тәртібінде өткір тұрды. Сондықтан, «Болашақ» жоғары оқу орны маңызды білім беретін институт деп аталды. Ал, сол кездегі маңызды деп аталған мамандықтар қазір де Қарағандыдағы бірнеше ғана университет пен академияда бар. Біздің ұжым өз міндетінің негізгі өзеніне заманауи, тың, соны процесстерді айналдыруға тырысты.

Қазіргі кезең ақпараттар ағынымен, алуан түрлі жарнама, түрлі көзқарас, пікір қайшылығымен ерекшеленетіні ақиқат. Озық технология, цифрландыру, зияткерлік ойындар, әлемдік деңгейдегі ғаламат қарқынмен да

мып отырған жаһандану үрдісі, жедел түрде өзгеріске түсіп жатқан әлемдік геосаяси хал-ахуал — бүгінгі студентті болашақ кәсібін, біліктілігін шыңдауға, мейлінше білімдар, жинақы, саяси қырағы болуға шақырады. Ал, бұл жоғары оқу орнының заманауи кезеңдегі салмақты ізденістерінің жандануына, аса ірі ауқымдағы білім кеңістігінен де емін-еркін іс атқара алатын кадрлар даярлауына қозғау салады. Жоғарыда аталған озат та озық технологияларға біздің оқу орнымыз алғашқылардың бірі болып көшті. Материалдық-техникалық базаны үнемі жаңарту, заманауи спорт залдары, асхана, түрлі үйірмелер, жатақхана, бай кітапхана, оқу залы, заман талабына сай дәрісханалар, инклюзивті кабинет, «Coworking» орталығы студенттер үшін мейлінше қолайлы да тиімді жағдай жасау, ғылыми жобалар мен ғылыми жұмыстардың одан әрі өрістеуіне қажетті қаражат көлемін ұлғайту, халықаралық журнал мен «Болашақ-Баспа» жұмысын үнемі талапқа сай жетілдіріп отыру талқылаудан өткен стратегиялық жаңа жоспарда қамтылған. Сөз жоқ, дәріскер ғалымдардың жетістіктері, студенттер мен магистранттардың біліктілік пен ғылым саласындағы биіктерден көрінуі, моральдық, іскерлік қалыңдардың қолайлылығы оқу орнындағы бірлік, ынтымақты нығайтып, тәуелсіз республикамыздың сапалы адам капиталын қалыптастыруға сеп болуға. Білім алушының еркіндігі, өз әлеуетін толық пайдаланып, оқу орнындағы қоғамдық жұмыстарға ұйымдастырушы болуы, өзін-өзі басқару саласына бел-жетістіктер жасқы ортада ғана жүзеге аспақ. Академияның басты жетістіктерінің бірі де осында деп білген жөн.

Жалпы, идеология адамдар санасының ақиқатқа қатынасын анықтайтын және қабылдайтын саяси, құқықтық, адамгершілік, этикалық және философиялық идеялар мен көзқарастардың жүйесі десек, тәуелсіз ел идеологиясында болашақ мамандарды даярлайтын жоғары оқу орындарының көтерер жүгі мол. Біздің Академияның жоғары оқу орындары рейтингісінде жоғары орындардан көрінуі, аккредитация мен аттестациядан, институционалды тексерістерден сәтті өтуін қаперге алсақ, дуальді білім беру, кафедралар филиалдарын ашуы, байланысу жүйесінде жұмыс берушінің біздің түлектерімізге лайықты баға беруі, тиісті ұсыныстар жасау, қашықтан оқыту тәсілінің жолға қойылуы жаңа міндеттер жүктейтіні аян.

«Bolashaq» Академиясының отыз жылдық мерейтойы қарсаңында өткен жолымызға көз жүгіртіп, жетістіктерімізді саралап, болашақтағы міндеттерімізді айқындау — біздің басты мақсатымыздың бірі.

Қуанышбек АДАНОВ,
«Bolashaq» академиясының ректоры

• ЭКСПЕДИЦИЯ

Қыпшақтың көзіндеі

Нұра ауданындағы Изенді-6 бейітінің бір бөлігінен баланың қабірі табылды. Қабірді Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің экспедиция мүшелері тапқан. Қабір зерттеушілердің болжамы бойынша шамамен 1000 жыл бұрынғы.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Археологтар айтуынша, қабір мың жыл бойы бұзылмай, сол қалпында сақталған. Қабырға етіп жасалған тастар да, бетін жапқан жалпақ тас та борымаған. Зираттан ғалымдар баланың сүйегін, жебе ұштарын, ат әбзелдерінің бөлшектерін және былғары дорба тапты.

Сүйектің жанынан сұрақ белгісі түріндегі сырға да табылды. Мұндай сырғаларды XII-XIV ғасырларда өмір сүрген қыпшақтар таққан.

Антрополог Айкүміс Раисова кешенді остеологиялық талдау

жүргізіп, сүйектер 9-12 жастағы балаға тиесілі екенін анықтады. Сонымен қатар, баланың тірі кезінде сол жақ иық сүйегін сын-дырғаны анықталды.

— Мұндай жерлеулер сирек кездеседі. Орта ғасырдағы ескерткіштер Қарағанды облысының аумағында аз зерттелген. Сондықтан, осы кезең бойынша алынған жаңа нәтижелер өзекті және қызықты, — деді Сарыарқа археологиялық мұражайының директоры Алексей Кукушкин.

Радиокөміртек талдаудың деректеріне сәйкес, қабір XII-XIII ғасырларға тән. Ғалымдар қосымша талдау жүргізіп, жерлеу рәсімін

зерттеуді жалғастырмақшы.

— Табылған бұйымдар көмудегі металдардың құрамын анықтауға көмектесетін спектрлік талдау көмегімен қосымша зерттеледі. Одан әрі артефактілер облыстық тарихи-өлкетану мұражайына тапсырылады, — деді Алексей Кукушкин.



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Майданды мінсіз өткерген

Биыл біртұтас еліміз Ұлы Жеңістің 80 жылдығын сән-салтанатымен атап өтуде. Әлбетте, ол уақыт кезеңінде майдан даласында оққа кеудесін тоспаған жан кемде-кем. «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» деген қанатты сөз осыны меңзеп тұрғандай. Осы орайда, қасық қаны қалғанша Отан үшін күрескен жауынгер ағамыз хақында ой өрбітсек, орынды болар...

Асқаралы ағамыз Сыздық Дүйсембиннің газиз ғұмыры 1907-1989 жылдар аралығына ұласты. Сонау 1939 жылы ол Кеңес Армиясы қатарына шақырылып, совет-фин, Екінші дүниежүзілік соғысы және совет-жапон сынды дүниежүзілік сипат алған, аты мәшһүр үш түрлі соғысқа қатысып, тек 1946 жылдың ақпан айында ғана елге, яғни, Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Киевка ауылына есен оралды.

Мәскеу мен Тула облыстарынан фашисттерді қуып шығару үшін басталған шабуыл шайқастарында жерлесіміз Сыздық Дүйсембин саяси бөлімше ротасы командирінің орынбасары бола жүріп, сарбаздарды жауынгерліктің өзгеше үлгісімен руттандыра білді. Басқыншы жауды жаппай қуу үшін болған ұрыстарда аға сержант 55-миллиметрлі миномет взводның командирі болып тағайындалды. Шабуылдаушы жаяу әскердің ең алғы қатарында болған минометшілер жаудың жеке құрамын тасталқан етіп, ақ жол аша білді.

Осындай қиян-кескі қанды шайқастардың бірінде Сыздық Дүйсембин жараланып, госпитальға жеткізілді. Сауығып, есен шыққан соң 11-ші миномет полкінің 120-миллиметр минометтерінің командирі ретінде Кенигсберг бағытында ұрысты жалғастырды. Майдан шебінде жоғары әскери шеберлік пен физикалық төзімділік танытты. Ірі Хинганды жеңіп, Сыздық Дүйсембин



басқарған минометшілер Квантун армиясын жойып жатқан жаяу әскерлерге жол ашты. Жапония басқыншыларын Солтүстік-Шығыс Қытайдан қуды. Осылайша Сыздық Дүйсембин үшін соғыс Порт-Артурды алумен аяқталды. Ол еткен ерлік істеріне сай I-ші және II-ші

дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, «Қызыл жұлдыз» орденімен, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» және басқа да мемлекеттік маңызы бар медальдармен марапатталды. Сыздық Дүйсембин милитаристік Жапонияны талқандағаннан кейін 1946 жылдың ақпанында елге оралып, аудандық қаржы бөлімінің аға инспекторы болып, еңбек жолын жалғастырады.

Ержүрек жауынгер, таңғажайып тағдыр иесі Сыздық Дүйсембин өмірінің тоғызыншы онжылдығына аяқ басқан кезде 1989 жылы дүниеден өтті. Ал, ақиқатында жоғарыда келтірген деректер ақпарат айдынынан сүзіп алған фактілер. Ол ешқашан соғыс туралы ештеңе айтқан емес. Асылы, әр ардагер өзінің естеліктерін тереңде қалдыруға тырысатын болар деген ой тұжырыдық...

Жолымыз болған екен. Дер шағында оны есен-сау қалпында көруге жазған екен Жаратқан. Көз алдымда аласа бойлы, үнсіз, күрте-шелі, басына қалпақ киген, сондай-ақ, аяғына шұлығын орап, керзі етік киіп жататын жарқын бейнесі қалыпты есімізде... Өте сабырлы, қос көзі өткір еді.

Жеңісті жақындатқаның үшін мың алғыс саған, ата!

Динара ДҮЙСЕМБИНА, немересі

Сурет автордан

• БРИФИНГ

Табиғатты аялау – парыз

«Уылдырық шашу» және «Таза су айдындары» акциялары нәтижелі аяқталды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalıq Qazaqstan»

Қарағанды өңірінде табиғатты қорғауға бағытталған кезекті екі ірі экологиялық акция – «Уылдырық шашу» және «Таза су айдындары» табысты тәмамдалды. Бұл туралы Қарағанды орман және жануарлар әлемін қорғау шаруашылығы жедел тобы жетекшісінің міндетін атқарушы Ертай Абеннов пен Нұра-Сарысу облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы басшысының орынбасары Бекзат Махажанов арнайы мәлімдеме жасады.

Олардың айтуынша, аталған акциялар көктемгі табиғи үдерістер кезінде су жануарларын қорғау және су айдындарының газалығын сақтау мақсатында ұйымдастырылған. Әсіресе, балықтардың уылдырық шашатын кезеңінде олардың табиғи ортада еркін дамуына жағдай жасау басты назарда болды.

– «Уылдырық шашу» акциясы кезінде уылдырық шашуға шыққан балықтарды заңсыз аулаудың алдын алу үшін бірқатар қатан бақылау шаралары жүргізілді. Су айдындарына тікелей шығатын мобильді топтар құрылды. Браконьерлікке қарсы 51 рейд өткізілді. Нәтижесінде заңсыз балық аулаумен айналысқан бірқатар тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылып, құрал-жабдықтар



Сурет ашық дереккөзден

тәркіленді. Табиғатты қорғау заңнамасын бұзудың 104 жайты анықталған, – деді Ертай Абеннов.

Ал, «Таза су айдындары» акциясы аясында өңірдегі өзен-көлдер маңайында тазарту жұмыстары жүргізілген. Экологтар, орман шаруашылығы қызметкерлері, еріктілер мен жергілікті тұрғындардың қатысуымен 15-тен астам су қоймасы қоқыстан тазартылды. Жиналған тұрмыстық қалдықтар көлемі 20 тоннадан асып түскен.

– Мұндай шаралар – экожүйенің тұрақтылығын сақтау үшін аса маңызды. Су айдындарының ластануы тек балықтарға ғана емес, бүкіл тіршілік иелеріне қауіп төндіреді. Сондықтан, біз жыл сайын бұл акцияларды тұрақты түрде өткізуді қолға алып келеміз, – дейді Бекзат Махажанов.

Мамандар пікірінше, акциялар

нәтижесінде балықтардың табиғи көбеюіне айтарлықтай қолайлы жағдай жасалған. Сонымен қатар, экологиялық мәдениетті арттыру, тұрғындарды табиғатқа жанашырлықпен қарауға баулу – осындай шаралардың басты миссиясы саналады.

Өндірісті өңірде табиғатты қорғау бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын таппақ. Орман және су айдындарын сақтау, биоалуантүрлілікті қорғау – бүгінгі ұрпақтың ғана емес, болашақтың да аманаты.

Әсіресе, балық шаруашылығы су айдындарын тазарту, экологиялық тепе-теңдікті сақтау және өңір экожүйесін жақсарту ісінде нақты шаралар қолға алынуда. Атап айтқанда, су айдындарын торлардан арылту мақсатында арнайы жұмыстар жүргізілуде. Бұл – су қой-

маларындағы артық жабдықтар мен түрлі бөгде заттарды жинау арқылы балықтардың өсіп-өнуіне қолайлы жағдай жасауға бағытталған шара. Су астындағы тіршілік иелері үшін бұл – нағыз өмір тынысы. Бұдан бөлек, балық шаруашылығына іргелес орналасқан жағалау аумақтарын тұрмыстық қалдықтардан, қатты қоқыстардан тазарту да назардан тыс қалмай отыр. Табиғат жанашырлары, еріктілер мен экологиялық ұйым өкілдері атсалысқан бұл бастама өңір тұрғындарын тазалық пен жауапкершілікке үндеуді мақсат тұтады.

Мұндай жұмыстар тек экологияны жақсартумен шектелмейді – олар халықтың табиғатқа деген көзқарасын өзгертіп, қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға үндейді. Себебі, табиғат – баршамыздың ортақ үйіміз. Ал оның тынысы – біздің ертеңіміздің кепілі.

Тазалық пен тәртіп – бір күндік науқан емес, күнделікті өмір салтына айналуы тиіс. Бұл бағыттағы шаралар алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

Нұра-Сарысу облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы табиғатты сүйетін әрбір азаматты заңға бағынуға, белгіленген ережелерді қатаң сақтауға, табиғатқа жанашырлықпен қарауға шақырады. Себебі, бүгінгі таңда қорғасуыз қалған бір балық – ертеңгі күннің азығы мен экожүйенің тұрақтылығына қауіп. Балықтың санын сақтау – тек инспектордың ғана емес, қоғамның ортақ міндеті.

• ҚЫЛМЫС

Алаяқта айла көп

Қарағандылық зейнеткерден 22 миллион теңге жұмырды деген күдікпен бір топ азамат ұсталды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalıq Qazaqstan»

Қарағанды қаласының полиция қызметкерлері алматылық әріптестерімен бірлесіп, интернет-алаяқтыққа қатысты кезекті ауыр қылмыстың бетін ашты. Жедел-ізвестіру іс-шаралары барысында Алматы қаласының аумағында көрші елдің екі азаматы қолға түсті. Қазіргі уақытта олар

77 жастағы Қарағанды қаласының тұрғынын алдап, 22 миллион теңге көлеміндегі қаржысын заңсыз иемденді деген күдікке ілініп отыр. Тергеу деректеріне сәйкес, күдіктілер өздерін банктің қауіпсіздік қызметінің өкілдері ретінде таныстырып, жәбірленушіге телефон арқылы қоңырау шалған.

Зейнеткер бастапқыда өзіне алаяқтық жасалғанына сенбеген. Тек полиция қызметкерлерімен ұзақ әрі егжей-тегжейлі әңгімелескеннен кейін ғана ол қылмыстың құрбанына айналғанын түсінген. Тіпту барысында күдіктілерден жалпы сомасы 22 миллион теңге

болатын ақшалай қаражат айғақ зат ретінде тәркіленді. Аталған факті бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190-бабы 4-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары басталды. Қазіргі таңда тергеу органдары күдіктілердің осыған ұқсас басқа да қылмыстарға қатыстылығын анықтап жатыр.

Құқық қорғау органдары азаматтарды мұқият болуға, күмәнді қоңырауларға сенбеуге және кандай да бір күдік тудыратын жағдайларда бірден полицияға жүгінуге шақырады.

– Полиция азаматтарды қы-

рағылық танытуға шақырады! Жеке мәліметтеріңізді, банк картасының деректемелерін, PIN-кодтары мен CVV-кодтарын бөгде адамдарға ешқашан жария етпеңіз. Телефон арқылы берілген нұсқаулармен ақша аудармаңыз. Есіңізде болсын, ешбір банк немесе полиция қызметкері сізден телефон арқылы ақша аударуды сұрамайды және құпия ақпаратты талап етпейді. Егер күмәнді қоңырау немесе хабарлама алсаңыз, бірден «102» нөміріне немесе жакын маңдағы полиция бөлімшесіне хабарласыңыз, – дейді құқық қорғау органдарының өкілдері.



Еске алу

Қарқаралы ауданы, Қарағаш ауылының тұрғыны болған аяулы ана, сүйікті әжеміз Сәлия СӘЙДҚЫЗЫНЫҢ өмірден өткеніне 26 шілде күні қырық күн болады.

Бәрі кеше ғана сияқты еді. Кеше ғана ағамызда жадырап, қызық-қуанышымызда жаркылдап жүр еді. Әкеміз ерте қайтып, 8 баланы жалғыз өзі тәрбиелеп, өсірді. Немере мен шөбере сүйді. Бұл күнде соңында қалған балалар анамызды сағынышпен еске аламыз.



Қымбат еді күлімдеп қарағаның, Мына бізді Ай, Күнге балағаның. Өзіңменен бірге өткен өмірді ойлап, Сағынып жүр, жан ана, балаларың.

Жақсыларға ұнаған, мадақталған, Бізге көшгі, сендегі қанатты арман. Рухың, ана, пейіште шалқысын деп, Құран оқып, тілейміз Жаратқаннан.

Еске алушылар: **балалары**

т/б

• ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

Қазақ даласының кіндігі

Қарқаралы – сан ғасырлар қазақтың ежелгі құт қонған мекені. Қарқаралы – ел басқарған көсемдер, сөз бастаған шешендер, қол бастаған батырлар жері. Қарқаралы тау-тасына табан тіреп тұрып, тарих қойнауына көз салатын шежірелі жер.



Сурет ашық дереккөзден

Ежелден қала атауына ие болған тарихи жерде данышпан Абай ағамыздың, Әлихан Бөкейханның, Қаздауысты Қазыбек бидің алтыншы ұрпағы Мәди ағамыздың, дауышпаз ақын Қасым Аманжоловтың ізі қалған тарихи мекен. Енді дәл қазіргі заманда қастерлі жердің жай-күйі қандай болып тұр?

Жақында жолымыз түсіп Қарқаралы қаласына барып қайттық. Мұнда ат ізін салмағалы бірталай жыл болып кеткен еді. Ел мен жерді, қаланы көріп, көңіліміз су сепкендей басылды. Баяғыда салынған жер кепе үйлер аңғал-саңғал ешқандай өзгеріссіз, сол қалпы шатыры тозып, сылақтары түсіп, көшенің сұрқын бұзып тұр. Орталық Токтар Әубәкіров көшесінің де жетісіп тұрғаны шамалы, баяғыдағы салынған үйлер, қасқыр жүлғандай болып құлағалы тұр.

Былыр тарихи қалаға 200 жыл толды. Дәл қазіргі уақытта туристер келетін қалалық жерлердің бәрін жақсартып, дамытып жатыр. Қарқаралының да дамытуға мүмкіндік мол. Қарқа-

ралының дәл ортасында тау басынан бастау алып, ағып жатқан өзен, бұлағы бар. Қарқаралының оңтүстік-шығыс жағында «Үлкен көл», қоршап тұрған тау-тасты, қарағайлы жер. Осының барлығы қалаға көрік еді. Енді осы қаланың бұрынғы ескі үйлерін сырып тастап, орнына жаңадан көз тартарлық әсем де биік, асқақ та сәулетті үйлер салса, нұр үстіне нұр болмай ма? Сырттан келген ағайын болсын, ағылып жатқан туристер болсын, әуелі қаланың сәулетіне көздері түседі. Әрі қаладан әрі қарай үлкен бір қазандық салса, қалаға орталық жылу беріп тұрар еді.

«Ауылына қарап, азаматын таны» деген атам қазақ. Осы шаруа жалғыз аудан әкімдері емес, облыс көлемінде қолға алынса, тіпті, Үкіметіміз де сырт қалмаса, атқарылған үлкен бір шаруа болар еді. Халық та риза болары анық. Сіздер не дейсіздер, ағайын?

Мұрат ЖАНЫСБАЕВ, қала тұрғыны

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«Т-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (информатика + математика), «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау», «Экономика», «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Маркетинг және SMM», (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесті заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық», (дүниежүзі тарихы + адам, қоғам, құқық). Мем.лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksul.kz

№262

Қарағанды облысы әкімінің аппараты қаржы-шаруашылық бөлімінің бас инспекторы Марал Султанмахметовна Ковачка орны толмас ауыр қаза анасы

Роза Бәлтешқызы ТАТИКОВАНЫҢ қайтыс болуына байланысты, қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қарағанды облысы әкімінің аппараты жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмыс жөніндегі бөлімнің бас маманы Алмагүл Аманбаевна Мустақаеваға орны толмас ауыр қаза әкесі

Аманбай Адешевич САТТЫБАЕВТЫҢ қайтыс болуына байланысты, қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

«Қарағанды облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінде сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін сенім телефоны 78-10-51 жұмыс істейді.

д

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

д

• ЖӘДІГЕР

Жеті домбыра

Балқаш қалалық тарихи-өлкетану музейі – тек өлкенің өткені мен мәдениетін танытатын орын ғана емес, сонымен қатар, қазақтың киелі аспабы – домбыраның сырлы тарихына үңілуге мүмкіндік беретін рухани орда. Мұнда бүгінде жеті бірдей домбыра сақтаулы тұр. Әрқайсысы – өзіндік тарихы, несі мен ерекшелігі бар ұлттық мұрамыздың баға жетпес бөлшегіне айналған.



Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Солардың бірі – Ортеке домбыра. Бұл аспапты белгілі шебер Нұрғали Жиенханов жасап шығарған. Домбыраның басты ерекшелігі – оның көмегімен «Ортеке» биін сүйемелдеп тартуға болады.

Музей төрінен орын алған тағы бір қастерлі домбыра – академик Әлкей Марғұланға тиесілі. Бұл аспапты ғалымға – Ақтағай ауданының халқы арнайы жасатып, сыйға тартқан екен.

Мұнда ерекше құрылымымен көзге түсетін қос домбыра да бар. Бұл домбыралардың бірегейлігі – құлақ жүйінің екі түрлі болуында. Соның арқасында әнші екі түрлі дауыста, яғни, екі диапозонда ән орындай алады. Бұл шеберліктің шыңы іспеттес өнер туындысын дәстүрлі әнші әрі

домбыра шебері Мәден Ноғайбек жасаған. Сол сияқты Сарыарқа үлгісінде, яғни, дәстүрлі қалыппен жасалған тағы бір домбыра да – Мәден ағамыздың қолынан шыққан.

Музейдегі тағы бір ерекше айта кетер домбыра – арша ағашынан жасалған. Бұл туынды – белгілі өнерпаз әрі ағаш шебері Аман Сәдуақасовтың қолынан шыққан. Тағы да бір сақтаулы тұрған екі домбыраға көзіміз түсті. Бірі – кең қорпұсты, тік-төртбұрышты және екіншісі Абайдың домбырасына ұқсас үлгіде жасалған көне аспап. Тапсырған адамның есімі беймәлім.

БАЛҚАШ

Суретті түсірген автор

• БОКС

Қоржынға қола түсе бастады

Астана төрінде өтіп жатқан бокстан Әлем кубогы қызған шағына аяқ басты. Әр күн сайын жанкүйердің делебесін қоздырған айқастар бірінен соң бірі өтіп жатыр. Жарыстың екінші күнгі кешкі бағдарламасы отандастар үшін табысты аяқталды. Шаршы алаңға алғашқылардың бірі болып шыққан Назым Қызайбай жартылай финалға жолдама алды. Сонымен қатар, 50 келіге дейінгі салмақта сынға түскен Санжар Тәшкенбай, 90 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен Сағындық Тоғамбайдың да қоржынында кемі қола жүлде бар...

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жанкүйерлер асыға күткен жекпе-жектердің бірі үш дүркін әлем чемпионы Назым Қызайбайдың кездесуі еді. 48 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен Назым өзбекстандық Фарзона Фозиловамен қолғап түйістірді. Тартысты өткен үш раундта екі боксшы да аянып қалмады. Алайда, тәжірибе мен тактиканың нәтижесінде отандасымыз қарсыласынан басым түсті. Осылайша, Назым Қызайбай жартылай финалға өтіп, кем дегенде қола жүлдені еншіледі.

Ал, 51 келіге дейінгі салмақта шаршы алаңға шыққан Алуа Балқыбекова АҚШ-тың үміті Дженифер Лозаномен қолғап түйістірді. Бірінші және екінші раундтың шешімі бойынша қос қарсылас тең түсті. Шешуші раундта Алуа барын салып, жеңісті жұлып әкетті.

80 келіге дейінгі салмақта бақ сынаған отандасымыз Гүлсая Ержан үндістандық Рани Пуйямен қолғап түйістірген болатын. Қарсылас – осал емес. Шапшаң әрі ұрымтал соққыларымен отандасымыздан әлдеқайда басым түсті. Төрешілер



шешімімен жеңіс үндістандық боксшыға берілді.

Ерлер арасындағы бәсекеде 50 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен Санжар Тәшкенбай жарысты бірден ширек финалдан бастады. Жапониялық Шодай Котоға қарсы өнер көрсетіп, қарсыласына мүмкіндік қалдырмады. Үш раунд бойы жоғары деңгейдегі бокс үлгісін көрсеткен ол төрешілердің бірауызды шешімімен жартылай финалға жолдама алды. Қазірдің өзінде оның қоржынында кемі қола медаль бар.

Әлем кубогының үшінші күні де тартысты өтті. Шаршы алаңға шыққан тоғыз бірдей отандасымыздың жекпе-жектері жанкүйерлердің делебесін қоздырды. Күннің басты жекпе-жектерінің бірі 85 келіге дейінгі салмақтағы Бекзат Нұрдаулетов пен аустралиялық Лахлан Лоусен арасындағы кездесу болды. Отандасымыз үш раунд бойы қарсыласын қыспаққа алып, соққыларын дарыта

білді. Нәтижесінде, төрешілердің бірауыз шешімімен отандасымыз жартылай кезеңге жолдама алды. Ал, бұл дегеніңіз отандасымыздың қоржынында кемі қола жүлде бар деген сөз.

Әйелдер арасындағы кездесулер де ерекше өтті. 60 келіге дейінгі салмақта сынға түскен Виктория Графеева Түркия құрамасының боксшысы Гизем Озермен жұдырықтасты. Алғашқы екі раундта екеуінің ұпайы тең түсті. Бірақ, шешуші раундта Виктория айқын басымдық танытып, жеңіске жетті.

Сол күні шаршы алаңға алғаш рет көтерілген Аида Әбікеева да қарсыласын айқын басымдықпен жеңді. Отандасымыз 65 келіге дейінгі салмақта өнер көрсетіп, 1/8 финалда Ұлыбритания спортшысы Дионе Бурманмен күш сынасқан еді. Жекпе-жек басталысымен-ақ қазақстандық спортшы басымдықты өз қолына алды. Осылайша ол да

қарсыласын айқын басымдықпен жеңіп, келесі кезеңге жолдама иеленді.

Ерлер арасындағы 65 келіге дейінгі салмақта ел намысын қорғаған Ертуған Зейнуллинов 1/8 финалда түркиялық Ахмет Пекельмен жұдырықтасты. Отандасымыз алғашқы минуттан-ақ қарсыласын соққының астына алып, ұпай айырмашылығымен жеңіске жетті. Енді ол жартылай финалдың жолдамын сарапқа салады.

Ал, 90 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен Сағындық Тоғамбай ширек финалдық кезеңде америкалық Малакай Джорджеспен қолғап түйістірді. Отандасымыз жылдам шабуыл мен қарсылас шабуылына қарсы жедел жауап қайтарып, сенімді жеңіске жетті. Осылайша, отандасымыз Әлем кубогының жартылай финалына өтіп, кем дегенде қола жүлдеге ілікті.

Сурет olympic.kz

• БӘРЕКЕЛДІ!

Кітап қоры жаңарды

Елімізде халықты кітап оқуға баулу шаралы қарқынды түрде жүріп жатыр. Кітап шығару ісіне ден қойылып, кітапханалар жаңа кітаптармен толықтырылуда. Мәселен, «Атамұра» баспасы Н.Гоголь және Абай атындағы облыстық кітапханаларға 50 данадан жаңа кітаптар сыйға тартты.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Н.Гоголь атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасына қазақ классиктерінің туындылары сыйға тартылды. Кітаптардың көпшілігі мемлекеттік тілде.

– Бұл сыйлық оқырмандар үшін жақсы болды. «Атамұра» баспасына ризамыз! Тарихи тұрғыдан алғанда, біздің қорларымызда кітаптардың көпшілігі орыс тілінде. Алайда, оқырмандардың сұраныстары мен қажеттіліктері

өзгерді. Қазір оқырмандар қазақ тілінде жазылған әдебиеттерді сұрайды. Сондықтан, қор кітаптарының 50%-ы қазақ тілінде болуы үшін қажетті шараларды атқара береміз, – деді кітапхана басшысының орынбасары Гаухар Үмбединова.

Қазір кітапханаларға түскен жаңа кітаптар теңгерімге алынууда. Тіркеу шаралары толықтай аяқталғаннан кейін кез келген адам 45 күнге дейін жаңа басылымды үйге ала алады.

Абай атындағы облыстық ба-

лалар кітапханасына да қазақ тіліндегі кітаптар сыйға тартылды.

Мұнда балаларға арналған ертегілер де, «Мектеп кітапханасы» сериясындағы танымал қазақстандық және шетелдік авторлардың шығармалары бар.

«Атамұра» баспасы Ұлттық кітап күніне арналған байқауда «Үздік баспа» номинациясында жеңіске жеткен еді.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• ӘГУГАЙ, ДОМБЫРА!

Ұлы Даланың үні

Қарағанды қаласында Ұлттық Домбыра күніне орай «Домбыра — Дала үні» атты мерекелік шара өтті. Қаладағы танымал өнерпаздар аршалы аспаппен қоғамдық көліктерге мініп, жолалышылар алдында өнер көрсетті. Ән айтылды, күй шертілді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл шараны қала әкімдігі ұйымдастырды. Өнерпаздар арасында композитор, классикалық әнші Шыңғыс Сәрсенбаев, Саян Мұздыбаев, Қуандық Төkenов секілді белгілі әншілер бар. Ою-өрнекпен безендірілген шапан киген өнерпаздар қоғамдық көліктің ішін думанға бөледі.

– Бұл – халқымыздың төл өнерін дәріптейтін, рухани байлығымызды ұлықтайтын ерекше шара. Қазақтың көне аспабы – домбыраның үні елдің жүрегіне жетіп, даланың тынысын жеткізеді. «Домбыра – Дала үні» шарасы арқылы Қарағанды жұртшылығы ұлтымыздың бай музыкалық мұра-



сына қанықты деп ойлаймын. Домбыра күні – өткен мен болашақты жалғайтын алтын көпір іспеттес, – деді жаңа Майкұдық мәдениет үйі басшысының орынбасары Амангелді Ахметжанов.

Мерекелік бағдарлама Қарағанды қаласындағы «Таир», «Каскад», «Реал», «Корзина» сауда үйінің алдында және Орталық

саябақта, «Арбат» алаңында, №3 автопарктің қоғамдық көліктерінде жалғасты.

Мерекелік шараны қала тұрғындары ыстық ықыласпен қабылдады. Бұған әлеуметтік желідегі парақшаларда жаппай жарияланған бейнероликтер мен суреттер дәлел.

Сурет автордан

Газеттің келесі саны 10 шілде, бейсенбі күні шығады.

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы І.Д. МҰҚАЙ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ	Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтағай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19	- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru	«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZKX БИН 000840001412 Тарапымы 3 498 №72 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ
---	---	---	--